



# Ақмешіт

12 сәуір  
сенбі

№26 (2139)

2025 ЖЫЛ

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### «ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН» АРМАН ЕМЕС

Әлеуметтік желіні ашып қалсаң,  
«декретке миллионмен» деген жарнамадан  
көз сүрінеді. Ал миллионды естіген  
әйелдердің құлағы елең ете қалғаны анық.  
Рас, көп әйел декретке миллионмен  
шығуды мүмкіндіктерін пайдаланды.  
Алайда бұл істің де соңында заңсыздықтар  
анықталды. Мәселен, «елімізде декреттік  
төлемді заңсыз жолмен алған 113 әйел  
сотталуы мүмкін» деген ақпарат, миллиондарды  
қалтаға басқандарды қорқытып алды. Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова оларға  
қатысты 16 қылмыстық іс қозғалғанын мәлімдеді.  
Ал келтірілген шығын көлемі – 158 млн теңге.



Министрліктің мәліметінше, 2024  
жылдың қыркүйегінен бастап 1,5 мың  
адам өздерінің табысын  
жасанды түрде көбейткенін  
мойындаған. Осылайша,  
әлеуметтік сақтандыру  
мемлекеттік қорындағы 3,4  
млрд актив сақталған.  
Осы жылдың 8 сәуірінен  
бастап Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі «декретке  
миллионмен» шығу  
мүмкіндігіне шектеу қойды.  
Министрліктің мұндай қадамға баруына көбірек төлем алу үшін  
табысын арттыру жағдайларының жиілеп кетуі себеп болып отыр.  
Сонымен «декретке миллионмен» шығуды жоспарлап жүргендер  
енді не істемек?

2-БЕТТЕ

### ЖЫР-КҮМБЕЗ

Ел арасында:  
«Арқаға барып, әншімін деме,  
Сырға барып, жыршымын деме,  
Батысқа барып, күйшімін деме» деген сөз бар. Қасиетті қара домбыраның  
күмбірге үніне үн қосып, Сырдың мақамын алты Алашқа танытып  
жүрген таланттар жетерлік. Жаңадан заманына жұтылып кетпеу үшін  
біз ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, насихаттай беругіміз қажет.  
Қазаққа «құймақұлақ» деген сөз бар. Қазір бұл сөз де ұмытылып бара  
жатқандай. Жас буынның жыр тындап, кітап оқудан алыстап бара жатқаны  
алаңдатады. Әлемді алақанға сыйдырып, ұялы телефонға телміріп қойған  
дәуірде бір уақыт жыр тындап, ұлт өнеріне құлақ түрсек, қанекі! «Ақмешіт  
апталығы» газеті Қызылорда облыстық филармониясы, Жыраулар үйімен  
бірілесіп, «Жыр-күмбез» айларының тұсауын кесті. Облыстық филар-  
мония жанынан ашылған Жыраулар үйінің дәстүрлі орындаушыларынан  
алынған сұхбат соңында қойылған QR код арқылы ұялы телефоннан терме  
тындай аласыз!

Шолпан БИМБЕТОВА, жырау,  
«Құрмет» орденінің иегері,  
Мәдениет саласының үздігі:

### ҰЛТТЫҢ РУХТЫ ӨНЕРІН ДӘРІПТЕП КЕЛЕМІН

Дәстүрлі өнердің  
дүлдүлі, «Құрмет»  
орденінің иегері,  
Мәдениет саласының  
үздігі Шолпан  
Бимбетовамен өнер,  
мәдениет тақырыбында  
сұхбаттасудың сәті түсті.  
Айтулы өнер несі ширек  
ғасырдан астам Қорқыт  
ата атындағы Қызылорда  
университетінде ұстаздық  
етіп келеді. Ол қазақ  
өнерін жаһан жұртына  
насихаттап, 20-дан  
астам мемлекетте жеке  
концертін беріп, рухани  
құндылығымызды  
танытуда ерен еңбек етіп  
келеді.

4-БЕТТЕ



## ТУРИЗМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ



Туризм – аймақтардың дамуына серпін беретін сала. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы ұлттық құрылтайда айтқан сөзі. Ел әлеуетін көтеретін саланы дамыту ардайым басты назарда болуы тиіс. Туризмді дамытуға мүмкіндік көп. Ел ішінде туристерді таңғалдыратын орындар, саяхаттайтын жерлер аз емес. Дегенмен туризмнің жандануына кедергілер бар екені белгілі. Инфрақұрылым, байланыс қызметі әлі де жақсартуды қажет етеді. Бір сөзбен айтқанда, туризмді дамытуға жаңаша көзқарастың қажет екені. Яғни кенжелеп қалған сала уақыт талабына сай дамуы қажет.

Осы аптада өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы қойған міндеттер шеңберінде туристік саланы дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, салада шешімін таппаған мәселелер бар. Атап айтқанда, цифрлық деректердің бірыңғай базасының болмауы, тиімсіз қолдау және заңсыз туристік қызмет көрсету жайын жолға қою керек.  
– Мәселелерді шешу үшін туризм және спорт министрлігі цифрлық платформаны әзірлеуде. Ол процестерді автоматтандырады және шешім қабылдауда адам факторының әсерін азайтады.

Сондай-ақ туроператорлардың бірыңғай цифрлық тізілімі құрылады. Бұл азаматтарға саяхатты сатып алудан бұрын қызметтердің заңдылығын тексеруге мүмкіндік береді, – деді министр Жаслан Мәдиев.  
Министрдің айтуынша, Президенттің тапсырмасын орындау аясында еліміздің үш негізгі туристік өңірде цифрлық инфрақұрылымды дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Ол тұрақты ұялы байланыс пен интернетті қамтамасыз етуді, жаңа Wi-Fi нүктелерін орнатуды, антеннадің қарқындылығын салуды және талшықты-оптикалық желілерге қосылуды қамтиды.

2-БЕТТЕ

## САПА – БАСТЫ ОРЫНДА

Сырдағы жол құрылысы он жыл бұрынғымен салыстырғанда едәуір дамыған. Бұрынғы сапасы сын көтермейтін жолдар бүгінде жоқтың қасы. Қайсыбір жылдары салып біткен асфальтті талапты сақтамағаны үшін бұзып, қайта жасаған мердігерлер де болды. Кәсіп еткен соң шығынға ұшырағысы келмейді. Сондықтан олардың әрекеті өзгелерге үлгі болған да шығар... Қазір мердігерлердің көпшілігінде жауапкершілікті сезіну бар.

Егер де Қызылордадағы жол құрылысы жөніндегі ең үздік үштікті атап айтар болсақ, сапаға қарап айтар әр азамат «Қыран», «УАД» және «Қызылорда жолдары» мекемесін айтар еді...

«Сапа керуені» іс-шарасы аясында біз Жол активтері сапасының ұлттық орталығы мамандарымен бірге өңірдегі асфальт-бетон зауыттарының жұмысымен таныстық.

3-БЕТТЕ



### ЕҢБЕК АДАМЫ

#### ТЕАТРДАҒЫ ТІГІНШІ

Залда отырған көрермен түрегеп тұрып қол соқты. Сахнадағы әртістердің образға кіргені соншалық, мұндағылар олардың қазақи бейнесін де ұмытып қалғандай. Құдды бір XIX ғасырдың басындағы әлем әдебиетін оқыған жұрт сол әлемнің төрінде жүргендей сезінді. Ал Алаш арыстары жайлы қойылымда Шоқайдың ұлы Мұстафа мен замандастары Әлихан мен Міржақып, Ахандар ортадан атып шығып, «Ассалаумағалейкүм» деп кіріп келіп, қасында отырғандай күй кешесің. Жиылған жұрттың көкейіндегісін дөп басып, көңілінің тетігін таба білген әртістер егерде күнделікті киімімен жай ғана ортада дәл осы сөзді айтқанда қаншалықты әсер алар едіңіз?! Әрине, «Адам көркі – шүберек» деген сөз жайдан-жай айтылмаса керек. Біз театр майталмандарының үстіндегі сахналық киімді өз заманына сай етіп тігіп, бір киім арқылы бір дәуірді көз алдыңызға әкелер тігіншілермен тілдескенде осы нәрсеге былайғы өмірде мән бере бермейтінімізді ұқтық.

4-БЕТТЕ



Салыққа реформа қажет дегеннен бастап қосымша құн салығы кәсіпкер мен экономист сарапшылар арасында қызу талқыға түсіп қоямдағы өзекті мәселе айналды. Бұл салық бюджетке тұрақты түсім болғанымен оны есептеу жүйесі қиындық туғызған еді. Шағын және орта кәсіпке салмақ салмай салық жүйесін жетілдіру бүгінгі күн тәртібінде тұрған сұрақ. Осыған байланысты мәжілісте 76 депутат құжатты қолдап, жеті депутат қарсы болған жаңа салық кодексі жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Жаңа кодексте қосымша құн салығы көлемін 16%-ға дейін арттыру, оның межесін 40 млн теңге көлемінде бекіту қарастырылған. Қосымша құн салығы деген не? Ол халыққа қалай әсер етуі мүмкін? Жаңа салық кодексі туралы сөз қозғасак.

## САЛЫҚТЫҢ САЛМАҒЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметтің қосылған құн салығына байланысты ұсынысын қолдады. «Салық саясатында реформа керек екені даусыз» деген ол жұмысты жеделдетуді тапсырды. Алай екен жылы үкімет бол осындай кеңейтілген отырысында ҚҚС мөлшерін 12 пайыздан 16 пайызға көтеру мәселесін

қаржы халыққа қайтады. Алайда бұл жылдам жүретін үрдіс емес. Осы аралықта үкімет тығырықтан инфляциясыз шығу жолын ойластыру керек екенін айтады.

– Қосылған құн салығы – жаңа ма салық. Бұл кәсіпкерлерге сезілмеуі мүмкін, бірақ мұны соңында тұтынушы төлейді. Импортталған тауарға да қосылған құн салығы есебінен баға қымбаттап, тұтынушы есебінен алынады.



талқылағанда Мемлекет басшысы салықты көбейтуге қарсы болған еді. Биліктің бұл ұсынысы да халық тарапынан қолдау таппаған. Бұған дейін қосымша құн салығы мөлшері 12 пайыз болып белгіленген. Бұл пайыздық көрсеткішпен елден жиналатын жалпы салықтың қоры 24 пайыз ғана болды. Бұны тым аз деген Серік Жұманғарин салық мөлшерін 20 пайызға дейін өсіуі мүмкін екенін айтқан. Қосымша құн салығы – мемлекеттік бюджет кірісінің маңызды бөлігі. Бұл Қазақстанда сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызмет бағасына қосылған жаңа салық түрі. Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек деген Президент мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет екенін атап өтті.

– Бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет. Бұл мәселеде бизнес, қоғам, кәсіпкерлер мен сарапшылар пікірі ескерілуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бірнеше талқылаудан өтіп, үкімет пен депутаттардың келісімді шешімімен қосымша құн салығы 16 пайыз деп белгіленді. Дегенмен құн салығының шегі 40 миллион теңге. Яғни жылдық табысы шектік сомдан аспайтын кәсіпкерлер қосымша құн салығын төлемейді. Заң жобасын талқылау барысында шектік сома 15 миллион болады деп те айтылған еді. Сарапшылар мен халықтық талқылаудан соң бұл шешім құпталмады. Алайда шектік соманы 40 миллионға көтеру шағын кәсіпкерлерді салықтан босатып, бюджет кірісін төмендетеді деген пікірде Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин.

– Мұндай шек болғанда 160 мың салық төлеушіден айырылатынымызды айтқым келеді. Сондай шамамен 400 млрд теңгедей қосымша бюджет түсімінен қағыламыз. Біздің бизнесмендер үкімет те, парламент те осындай ымыраға баруға дайын екенін түсінісін деп айтып тұрмын, – деді Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин.

Жылдық табысы 40 млнға жетпейтін кәсіпкерлерге көбіне шағын азық-түлік дүкендері, асханалар мен сәулелік салондарын айтуға болады. Шекті соманың мәні шағын бизнеске салықтық әкімшілік процестердің ауырлығын азайту және оларды ресми экономикаға тарту. Шағын кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетіп, мемлекеттік бюджетке түсімдер мен бақылауды оңтайландыруға бағытталған. Қосымша құн салығынан босатылатын салалар да бар. Мәжілістегі талқылаудың нәтижесінде азық-түлік, кітап басып шығару, археология сияқты салаларды қосылған құн салығынан босатуға шешім қабылданды. Денсаулық сақтау саласында үкімет қосылған құн салығынан босатылған дәрі-дәрмектердің әлеуметтік тізімін айқындайтын болады. Қосылған құн салығы тек ақылы медициналық қызметтерге салынып, мөлшері 10% болады.

Бұл орайда экономист-сарапшылардың да пікірін білген едік. Экономист Мақсат Халықтың ойынша қосылған құн салығы бюджет тапшылығын жауып,

Сондықтан мұны халыққа салынған салық деп те айтуға болады. Салықтың өсуі инфляцияға, тауар бағасының қымбаттауына әкеледі. Үкімет те қымбатшылық сезілуі мүмкін екенін айтты, – дейді Мақсат Халық.

Қосылған құн салығын көтеру арқылы бюджет кірісін тез арада арттыруға болады. Қазір бюджетке кіріс түсіп, оң әсер еткеннен одан кәсіпкерлер қиналатын болса, көптеген компания жабылып немесе көлеңкелі экономикаға кететінін де айтып, құн салығын көтеру күмәнді шешім екенін жеткізді.

– Ресми ақпарат бойынша көлеңкелі экономика үлесі 19 пайызбен 25 трлн теңге шамасындағы қаражат. Тәуелсіз сарапшылар бұл соманың одан да көп екенін айтады. Көлеңкелі экономикамен күрес жүруі керек, ал қосылған құн салығы экономикаға теріс әсер беріп көлеңкелі экономиканы арттыруы мүмкін. Кәсіпкерлер нарыққа бәсекеге ұмтылып, өнімін аз шығынмен шығаруға мүдделі. Ал өз кезегінде өнім жасап отырған кәсіпкер шығынын қызмет құнына қосады. Олай жасамаса шығынға батады, – дейді экономист.

Сонымен бірге «Сән салтанат салығы» да салынбақ. Егер жылжымайтын мүлік құны 450 млн теңгеден асса, салық көлемін арттыру ұсынылып отыр. Сондай-ақ құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктер мен теңіз кемелері мен әуе кемелеріне акциз енгізу жоспарланып отыр. Екінші оқылымда тағы да өзгерістер ұсынылуы мүмкін.

Әлеуметтік желіде сынақ қалған үкіметтің бұл жобасы туралы сарапшылар салық ауыртпалығы қатардағы тұтынушыға түсетінін айтады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты Қамар Назарбекқызы Мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдаулар мен ашық түсіндіру жұмыстары қатар жүруі қажет деген пікірде.

– Мәжілісте қабылданған қосылған құн салығының 16%-ға дейін көтерілуі – мемлекеттік бюджетті толықтырудың бір жолы. Алайда бұл өзгеріс ең алдымен тұтынушыға, яғни қарапайым халыққа әсер етеді. Тауарлар мен қызметтердің бағасы өсіп, инфляциялық қысым артады. Табысы орташа және төмен халықтың сатып алу қабілеті төмендейді. Қазақстан экономикасы қазір сыртқы факторлар мен ішкі реформалар арасындағы нәзік тепе-теңдікті ұстап тұр, – дейді маман.

Шетел тәжірибесі бойынша Ұлыбританияда қосылған құн салығы 20 пайыз. Алайда әлеуметтік маңызды бар тауарларға жеңілдіктер бар немесе салық мүлдем салынбайды. Әлеуметтік маңызды бар азық-түлік, балалар киімі, кітапқа салық салмау әдісі де қолданылады. Қазақстанда да осы бағытта сараланған салық жүйесін қолдану қажет.

Қорыта келсек, бюджетті құрайтын салық түсімі. Кәсіпкерлер мемлекет алдындағы міндетін орындап салықтан жалтаратын болса бюджет кіріс азаяды. Сөйкесінше үкімет ел алдындағы міндеттемелерін орындай алмайды. Ал халықтың салық төлеуге оң қозғарсын қалыптастыру басқа әңгіме...

Думан КЕҢШІЛІК

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, туризмді дамыту әлеуеті еліміздің барлық өңірінде мүмкіндік бар. Дегенмен түйіні шешілмеген мәселелер де жоқ емес. Осыған байланысты саланы әрі қарай дамыту мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізіліп жатқанын және тиісті заң жобасы қазір Мәжілісте қаралып жатқанын айтты.

Негізгі бастамалардың бірі – әкімдіктерге ұлттық парктер аумағын қоса алғанда, елді мекендерден тыс жерлерде туристік инфрақұрылым салу бойынша заңнамалық өкілеттіктер беру.

– Туристік дестинацияларда инфрақұрылым құрылысын қаржыландыруға бағытталған жеке бюджеттік бағдарлама әзірленетін болады. Бұл ретте, өңірлерде туризмді дамытуға басымдық беру үшін жаңа құзыретпен қатар жеке туризм басқармаларын құру мәселесін қарастыру қажет, – дейді министр.

Алдағы уақытта фермерлерге өздеріне қарасты жер телімдерінде агротуризммен айналысу құқығы берілімек. Қазіргі таңда елімізде 200 мыңнан астам шаруа қожалығы бар. Бұл шара ауыл тұрғындары үшін қосымша жұмыс орындарын ашуға, ауылдық аумақтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

– Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктерде жерді жалға беру мерзімін 49 жылға дейін ұлғайту бойынша заңнамалық жұмыс жүргізілуде. Бұл экотуризмді дамыту үшін инвестиция тартуға және инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді, – деді министр Ербол Мырзабосынов.

Туристердің сапарын жеңілдетіп жайлы ету мақсатында шекаралық өткізу пункттерінде ұйымдастырылған туристік топтарға басымдық беру – жасыл дәліз тетігін енгізу көзделуде. Қазіргі уақытта бұл механизм Ресей мен Қырғызстан шекарасында пилоттық режимде жұмыс істеп тұр.

Басы 1-бетте



## ТУРИЗМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Сонымен қатар экотуризмді ілгерілету мақсатында ұлттық парктерді дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Соңғы жылдары туристік соқпақтарды негізгі инфрақұрылыммен қамтамасыз ете отырып, 8 сапар-орталығы ашылды. Нәтижесінде ұлттық парктерде экотуристердің тұрақты өсуі байқалуда, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 14 ұлттық паркке 2,8 млн адам барып, келушілердің саны 2023 жылмен салыстырғанда 18%-ға өскен.

Сондай-ақ іс-шаралық туризмді дамыту үшін Kazakhstan.travel ұлттық туристік портал базасында бірыңғай іс-шаралар күнтізбесін әзірленуде. Оған туристерді қызықтыратын іс-шаралар кіреді.

Осы және басқа да Үкімет деңгейінде қабылданған шаралар нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша туристік сала тұрақты өсімді көрсетіп отыр. Ішкі туристер саны 10,5 млн адамды құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 900 мыңға артты.

Жалпы, елімізге әртүрлі туристік мақсатта 15,3 млн шетелдік қонақ келген.

Туристерді тіркеудің тағы бір тәсілі – «eQonaq» ақпараттық жүйесі. Жүйе көші-қон бақылауы және туристер ағымын талдау үшін құрылды. Тағы бір маңызды шара – өткен жылдың соңында Neo Nomad Visa енгізілді. Ол шетелдік азаматтарға Қазақстанда жыл бойы тұруға мүмкіндік береді.

Келесі бір маңызды бағыт – шопинг туризмі. Tax Free жүйесі туристердің сатып алу белсенділігін ынталандырудың тиімді құралы болып саналады. Бұл жүйе көптеген дамыған елдерде жұмыс істейді. Елімізде 2019 жылы пилоттық режимде Астана, Алматы, Шымкент және Түркістан қалаларында енгізілген. Бұл жүйенің көмегімен шетелдік туристерге 4,9 млрд теңгеге тауар сатылған. Орташа сұрада 837 мың теңгені құрады. Бұл әлемдегі үздік 10 елдің қатарындағы көрсеткіш.

Саладағы тағы бір мәселе – цифрландыру арқылы гидтердің қызметін реттеу. Қолданыстағы реестр туристерге және қажетті гид табу, оған хабарласу және оның кәсіби біліктілігін тексеру мүмкіндігін шектейді. Сондықтан министрлік тапсырысы бойынша гидтерге арналған бірыңғай цифрлық платформа жасалған.

«Е-Гайде» цифрлық жүйесі аталған мәселелерді шешіп қана қоймай, мамандардың білімін тексеруге, біліктілігін арттыруға және қосымша білім беруге мүмкіндік береді. Тексеруден өткен гидтер бірыңғай стандарттағы бейжәде үлгісін алады. Осы бейжәде арқылы ресми әрі білікті маманды бейресми қызметкерден ажыратуға болады.

Бір сөзбен айтқанда, туризмді уақыт талабына сай дамыту – өзекті мәселенің бірі. Бұл уақыт көшінен қалмауды талап етеді.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

## «ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН» АРМАН ЕМЕС

### ЖАҢА ЕРЕЖЕ

Сонымен, жүктілік пен босануға, сондай-ақ 1,5 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты төлемдерді есептеу ережелерін өзгерістер енді. Қандай өзгерістер болмақ?

Декреттік төлемдердің қолжетімділігін арттыру мақсатында 8 сәуірден бастап өтініш берудің электрондық жүйесі енгізіледі. Қызметкерлер мемлекеттік мекемелерге немесе жұмыс берушіге бармай-ақ мемлекеттік қызметтер порталы немесе онлайн-сервистер арқылы декреттік төлемдерді алуға өтініш беруге мүмкіндік болмақ. Сонымен қатар жұмыс беруші барлық қажетті деректерді электронды түрде ұсынуға міндетті. Бұл жәрдем-ақыларды есептеу және төлеу процесін жеделдетеді. Жаңа өзгерістер мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатын неғұрлым әділ бөлуді қамтамасыз етуге арналған. Соңғы жылдары елімізде жоғары декреттік төлемдер алу үшін жалған артық кірістер өсіп байқалған.

– Негізгі өзгерістердің бірі – декреттік төлемдерді қайта есептеу. Осы уақытқа дейін декреттік мөлшері соңғы екі жылдағы орташа табысқа

Басы 1-бетте

байланысты болды. Ол үшін ай сайынғы табыс жеті ең төменгі жалақы (ЕТЖ) көлемінен аспауы тиіс. 2025 жылы бұл сома айына 595 мың теңгені құрайды. Бұл шектеу жүктілік және босану кезеңіне, сондай-ақ бала 1,5 жасқа толғанға дейінгі күтімге байланысты төлемдерге қатысты. Егер табыс одан жоғары болса немесе бірнеше жұмысы болса да, ең жоғары 595 мың теңге ретінде есептеледі. Бұрын бала күтімі бойынша біржолғы төлем үшін әйелдің бірнеше жұмысы болса, әрқайсысынан максималды төлем алуға мүмкіндігі бар еді, – дейді онлайн қызмет көрсету маманы Бағлан Тілеубергенова.

Сонымен қатар «әлеуметтік тәуекел» басталғаннан кейінгі төлемдер есепке алынбайды. Жаңа ережелерге сәйкес, жүктілік басталғаннан кейінгі кезеңде жасалған әлеуметтік аударымдар төлем есебіне кірмейді. Бұл ерекшелік төлемдердің заңсыз ұлғаюына әкелуі мүмкін артық кірістің алдын алады. – «Декретке миллионмен» шығуға әлі де мүмкіндік бар. Тек мемлекет артық шығынға жол бермеудің алдын алды. Мәселен, тексерулер нәтижесінде миллиондарды қалтаға қағу үшін тиесілі мөлшерден артық төлем алатындарды анықтаған. Енді осындай айла-амалдар болмайды. Негізгі барлығында да заңды түрде жасаған жөн. Мен көп

әйелге миллионмен шығуға мүмкіндік жасадым. Бірақ заңсыз әрекетке бармадық. Жүкті әйелдер де тек заңды түрде табыстарын көрсетті. Жалпы төлем мөлшері азайған жоқ. Әлде де декретке миллионмен шығуға болады, тек жалақы мөлшері соған сай болуға тиіс, – дейді онлайн қызмет көрсету маманы Бағлан Тілеубергенова.

Соның екі жылда жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендері саны күрт артқан. Олардың қандай іспен айналысатындары жөнінде нақты дерек жоқ. Тіпті оның ішінде декретке миллион үшін уақытша тіркелгендер болуы да әбден мүмкін.

### МИЛЛИОНЕР АНА БОЛУҒА МҮМКІНДІК БАР

«Декретке – миллионмен» курсы әлеуметтік желі арқылы Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев жүргізген еді. Оның «Dauletten.kz» ақпараттық-танымдық порталында осыған қатысты мәліметтер әлі де бар. Тіпті арнайы онлайн курс өткізіп, қазақ әйелдерінің көбін қаржылық жағынан сауаттандырып, біразын миллионер етті. Одан кейін сол курсты оқып алып, әйелдерді декретке миллионмен шығаратындар қаптап кетті. Қай қалада болсаң да онлайн, офлайн кенес алып, талай әйелді декретке миллионмен шығаруда. Осындай курстардың нәтижесінде қала тұрғыны Ботагөз Мәдіғали да миллионер ана атанды.

– Сәбидің дүниеге келуі айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді. Сондықтан қалтаңда артық қаржы болса артықтық етпейді. Ана болуға дайындалып жүргенде болашақ сәбидің барлық жағдайы қамтамасыз етілгенін қалайсың. Бұл тұрғыда қаржы мәселесі де бар, әрине. Соңғы жылдары миллионмен декретке шығып жатқандар көбейгені рас. Мұндай жағдайға мен де қызығым. Заңды түрде өзіме тиесілі қаржыны алғым келді. Тиісті мамандармен кенес ала отырып, ҚР Еңбек кодексінде әлеуметтік демалысы тағайындаудың ережелері бойынша құжаттарымды тапсырдым. Сөйтіп, 1,5 миллионнан аса ақша тағайындалды, 1 440 000 теңгені қолым алдым, – дейді ол.

Жоғарыда айтып өткендей, жүкті әйелдерді декретке миллионмен шығарып беретіндер көп. Дегенмен олардың көпшілігі пікір беруден бас тартты.

**P.S.** Декреттік демалыс – отбасы үшін қаржылық қиын кезең. Сол уақыттағы бюджеттің негізгі ауыртпалығы жұмыс істейтін ата-ананың біреуіне ғана артылады. Сондықтан жағдайды жеңілдету үшін мемлекет ата-аналарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесін құрған. Болашақ аналардың миллионмен декретке шығуы үшін де мүмкіндік берілген. Тек кейбір әйелдер заңды белшесінен басып, заңсыздыққа бармаса болғаны. Себебі басқалардың заңсыз әрекеті заңды түрде төлем алатындарға кері әсерін тигізуі мүмкін. Демек, «декретке миллионмен» арман емес. Тек заңды түрде болуы тиіс.

Айтқолын АЙТЖАНОВА



## ЕЛ АРДАҚТЫСЫ ЕДІ



Өткен күндерге оймен шолу жасап отырсам, қызмет жолымда жақсы адамдар көп кездесті. Айналасына мейірім шуағын сеуіп, нұрландырып отыратын жанның бірі Ыбырай Нағызбеков ақсақал болатын. Оқу бітіріп, Машина сынау станциясына жұмысқа келгеннен бастап Ыбырай ақсақалды жетекшілікке қалдырып қызметінде екен. Мекемеге қажетті техникадан бастап, машинаның бөлшегін, түрлі өндіріс құралын жеткізу осы кісінің міндетінде еді. МИС-те ол кездері машина сынау жұмысымен бірге мал бағылып, егін егіліп, шаруашылық тәжірибем айналысатын. Мұнда төрт күрші, жем-шөп дайындаушы, күршіше арнап жер тегістеуші механикаландырылған меліоративтік бригадасы жұмыс істейтін. Осы шаруашылықтардың барлық қажетін тауып, жеткізіп беруші Ыбырай ақсақал еді. Жұмысына адал, тиянақты, жауапты кісі болатын. 10 процент тәрбиеленген үлгілі отбасының ұйтқысы еді. Қандай қиын мәселе болсын, шешімін тауып, әріптестерімен биязы тіл табысатын. Барлық техникаға қажет қосалқы бөлшектерін атын жатқа айтады.

Ауылымыздан қан майданға аттанып, аман елге оралған жауынгердің бірі еді. Мыңнан бір адам ғана аман қалатын соғыстың ауырталығын, қан кешкен заманды көрген сұм соғыстың тірі куәгері Ыбырай ақсақал бұл бүкіл елге келген нұбәт екенін, қаһарлы күндердің қайталанбауын тілеп, бата беріп отыратын. Соғысқа кеткен талай боздақтардың ел қорғау жолында күніне мыңдап опат болғанын көзбен көргенін айтқанда, майдангердің көзсіз ерлік жасағанын мойындайтынбыз.

Ыбырай ақсақал жолдастары арасында беделді, әзіл-қалжыңға жақын, «Ыбырай айтыпты» деген даналық сөзі халық арасына кең тараған өте зиялы, сөзге шешен жан болатын.

Кескілескен соғыста ерліктің үлгісін көрсеткен карт майдангер соғыстан кейінгі жылдары да еңбек еткінісіне айналып, бірнеше орден, медальдің иесі атанды. Әр құрметтің артында, күн-түн демей атқарылған тынымсыз еңбектің ізі бар, төгілген маңдай тердің өтеуі бар.

Өмір-өзен тоқтаусыз ағып жатыр. Уақыты келгенде бұл кісілер сахна төрінен өтіп, ұрпақ ауысты. Кешегі Отан қорғаған жауынгерлерді ел есінде сақтау – кейінгі ұрпақтың борышы. Өмірінің соңына дейін жастарға патриоттық тәрбие беруден жалықпаған абзал азамат, Отан соғысының ардагері Ыбырай Нағызбеков қандай болса да марапатқа лайық деп есептеймін. Ауыл тұрғындары атынан есімі ұлықталып, өзі туып өскен ауылдан көше аты берілсе деген тілегіміз бар.

**Жақсымбек НУРЫМБЕТОВ,**  
Баймұрат батыр ауылының тұрғыны

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Дезинфекция» ЖШС 2025 жылғы 21 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Кайталама полимерлік шикізатты қолдана отырып, қуаты жылына 1000 тонна пластик бұйымдарын өндіру жөніндегі кешенді салу» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Әсер ету аймағы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Берке Хан к., 61 учасот. Географиялық координаты 44°52'6.41" солтүстік ендік, 65°26'43.33" шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдауға жария талқылау нысанында шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Қоғамдық тыңдауларға жариялық талқылау нысанында шығарылған материалдармен [esportal.kz](http://esportal.kz) сайтында танысуға болады. Бастамашысы: «Дезинфекция» ЖШС, БИН: 970940002316, ҚР, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Дәрігер Али киялысы 7. Тел.: 8-7242-27-82-38. Эл.почта: [kuz-dezinfekcia@gmail.ru](mailto:kuz-dezinfekcia@gmail.ru)

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қ., Тәуке хан к., 3. Тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35. Эл.адрес: [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық мекен-жайлар бойынша қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz> «қоғамдық талқылаулар» айдарында.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Дезинфекция» уведомляет о том, что с 21 апреля 2025 года в течение 5 рабочих дней на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz/>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство комплекса по производству пластиковых изделий мощностью 1000 тонн в год с применением вторичного полимерного сырья».

Территория воздействия объекта Кызылординская область, город Кызылорда, ул. Берке Хан, 61 учасот. Географические координаты 44°52'6.41"Северной широты, 65°26'43.33"Восточной долготы.

Ознакомьтесь с материалами, вынесенными на общественное слушание в форме публичного обсуждения, можно на сайте: <https://ndbecology.gov.kz>

Инициатор: ТОО «Дезинфекция», БИН: 970940002316, РК, Кызылординская обл., г. Кызылорда, пер. Даригер Али, 7. Тел.: 8-7242-27-82-38. Эл.почта: [kuz-dezinfekcia@gmail.ru](mailto:kuz-dezinfekcia@gmail.ru)

Разработчик проектной документации: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г. Кызылорда, ул. Тәуке хан, 3.

Тел.: 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35. Эл.адрес: [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://ndbecology.gov.kz> в рубрике «публичные обсуждения».

### Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің тұрғындарының назарына!

14.04.2025 жылы Ақсуат, Ақжарма, Талдыарал, Иіркөл елді мекендерінде;

15.04.2025 жылы Белкөл кенті, Бірқазан елді мекенінде;

16.04.2025 жылы Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;

17.04.2025 жылы Қараөзек, Айнақол, Талсуат елді мекендерінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілінуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсу пайдалануға болмайтындығы ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54

«Сыр суы» филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі



Алдыңғы нысанада «УАД» серіктестігінің зауыты ілінді. Ұзақ жылдардан бері осы салада жұмыс істеп келе жатқан іргелі кәсіпорының өндіріс аумағында екі асфальт шығаратын заманауи зауыт орнатылған. Мұнда жол құрылыс материалдары италияндық технологиямен өңделеді. Әр асфальт жабындысының өзіндік қоспалары, нормативтік талаптары сақталған.

– Асфальт әртүрлі фракциялық қиыршық тастан құралады. Маңызды компоненттің бірі – битум. Мынау қиыршық тас иленген үлкен қазандыққа 150 градуста қыздырылған битум құйылады. Және ол автоматтандырылған басқарумен тиісті мөлшерде беріліп отырады. Шамамен бір сағаттың ішінде біз қажетті шикізатты аламыз. Бізде қазір екі асфальт-бетон зауыт бар. Біреуі сағатына 210 тонна, екіншісі 180 тоннаға дейін асфальт шығарады. Өндіріс Еуропаның озық технологиясына негізделген. Ең бастысы сапаға баса мән береміз, – деді «УАД» ЖШС директорының орынбасары Мұрат Сәрсенбаев.

Зауытта 200-ден астам адам жұмыс істейді. Күннің аптап ыстығында қайнап тұрған асфальтты дайындаудан бөлек, жанында тұрудың өзі қиын екені анық.

**Басы 1-бетте**



## САПА – БАСТЫ ОРЫНДА

Осы ауыр жұмыстың бел ортасында нәзік жандар да бар екен. Мәселен, Жұлдыз Сағындықова кәсіпорында зертхана инженері болып жұмыс істейді. Ол зауыттан шығатын асфальт құрамын күнделікті жіті қадағалап, материалдардың сапасын ұдайы тексеріп отырады.

– Осы салада еңбек етіп жатқаным 15 жылдай болды. Шан-тозаң, қайнаған өндірістің ортасында жүру қыз бала үшін оңай шаруа емес. Бірақ маған өз жұмысым ұнайды. Әріптестерімнің көбі ер азаматтар болған соң маған ауырталық салмайды. Қажет кезде үнемі көмектесіп отырады. Зауытта асфальтқа қосылатын құман бастап, қиыршық тасқа дейін зертханалық тексерулен өтеді. Кейде жолдарға шығып, асфальт жабындысынан сынама алғандар бар. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы мамандарымен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Олқылық анықталса дереу қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргіземіз, – дейді ол.

«Қыран» компаниясы туралы айтар болсақ, кешегі Ұлытау облысына дейінгі асфальтты 5 компания ұтып алса, соның 4-уі қытайлық компания болатын. Халықаралық стандартқа сай жұмыс істеп, өзінің сапалы жұмысымен танылған «Қыран» компаниясы бесіншісі болды. Осыдан-ақ мекеменің дәрежесін ескере берсеңіз болады. Мекеменің қала іргесіндегі

асфальт-бетон зауытының жұмысы да жолға қойылған. Өндірісте украиндық технологияны пайдаланып отыр. Мұнда қазір күніне мың тоннаның көлемінде асфальт шығарса, маусым ортасында бұл көрсеткіш екі мың тоннаға дейін ұлғаяды.

– Қиыршық тасты Жаңақорғанның Шалқиясын әкелеміз. Өйткені бұл асфальттың сапасына бірден-бір әсер ететін шикізат. Мәселен, Шилелден келетін тас көбіне бізге жарамайды. Кез келген материалдың сапасын тексеріп барып, өндіріске пайдаланамыз. Қазір барынша қажетті шикізат қорын жинап алып жатырмыз. Өйткені маусым қызған шақта жаңадан салынып жатқан жолдарға асфальтты үзбей жеткізуіміз қажет. Қазіргі таңда қаланың өзінде бірнеше жобамыз бар. Алдағы уақытта Ақтөбе облысында «Батыс



## БЕЙБІТ КҮН – БАТЫРЛАР АМАНАТЫ

Патриоттық өнеге үлгісінің бірі – Отанын, елін, жерін сүйетін, бабалар өсетін орындайтын жан-жақты азамат тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қасіреттер мен қиыншылықтарды еске ала отырып, жайында жастарды Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың ерлік ісімен таныстыру мақсатында «Информатика» мамандығын, ИИ-24 оқу тобында «Бейбіт күн – батырлар аманаты» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.

Тәрбие сағаты топ оқушыларының ел тыныштығын бұзған екінші дүниежүзілік соғыс күнін сахналық қойылыммен бастау алды. Соғыста халқымыздың бақыты үшін опат болған жауынгерлер рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздік жарияланды. Сонымен қатар соғыста ерлік көрсеткен қазақ жауынгерлері туралы деректі фильмнен үзінді көрсетілді. Бейбіт заман үшін күрескен ұрпақтың ерлік жолын дәріптеу, Отанға деген сүйіспеншілікті насихаттау, Отанды қорғау ұғымының құрғақ сөз емес екенін түсіндіру – әрбір көкірегі ояу, көзі ашық, саналы азаматтың, оның ішінде ұстаздың басты парызы.

Жауынгерлер майданда жүріп туған жеріне, туған еліне, бауырларына деген ыстық сезімдерін, сағыныштарын хат арқылы жеткізіп отырған. Сабақ барысында бір топ оқушылар «Майданнан хат» атты жинақтан туған жерімізден майдан даласына аттанған жауынгерлердің



туған еліне, отбасына, анасына, асыл жарына жазған хаттарынан үзінділер оқыды. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жерлестеріміз де өшпес даңққа ие

болды. Қызылорда облысы бойынша Кеңес Одағының Батыры атағын алған жауынгерлер мен тылда еңбек еткен ардагерлер туралы ақпарат ұсынылды. Жеңіс жолында аянбай тер төгіп, Отан үшін қызмет еткен өз аталары жайлы мәліметтерді жинақтап әкелген топ оқушылары олардың көрсеткен ерліктерін мақтанышпен баяндады.

Соғыс жылдарында жауынгерлерге үлкен күш берген, жігерлендірген ақын өлеңдерінен де үзінділер оқылып, тыңдармандарды бір серпілтіп тастады. Сондай-ақ Мәншүк Мәметова туралы деректі фильм көрсетіліп, батыр апамызға арналған жыр шумақтары оқылды. Мәншүк атына адал колледж жастарының жеткен жетістіктері мен ұжымның кол жеткізген толағай табыстары туралы ақпарат беріліп, топ оқушылары Мәншүк атына адал боламыз деп ескерткішке тағзым етті.

Қорыта айтқанда, бұл тәрбие сағаты – жас ұрпаққа отансүйгіштік қасиетті сіңіріп, тарихқа құрмет көрсетуге бағытталған маңызды іс-шара болды. Мұндай патриоттық сабақтар арқылы жастар ерлік пен адалдықтың, батылдықтың пен табандылықтың мәнін ұғына түседі.

**Бағдауль МЕШТБАЙ,**  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы

### КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫНАН САҚТАН!

Көктем-жаз айлары Конго-Қырым геморагиялық қызбасының эпид ахуалы күрделенетін кезең. Осы орайда, қауіпті дерттен тұрғындарды сақтандырып, алдын алу үшін ақпараттандыру жұмыстарын күшейтудің маңызды зор екендігін атап айтқым келеді.

Көктемде кенеден абай болуды ескертеміз. Кенеден келетін қауіп соғуы айына қазан айына дейін созылады.

Кенеден сақтанудың қарапайым шараларына ерекше назар аударуға шақырамыз: табиғат аясына барғанда жеңі ұзын, ашық түсті көйлек киіп, жағасын, жеңін тұймелеп, етегің шалбарға салып, шалбардың бағалың шұлқыса немесе аяқ киімнің ішіне салып, басқа орамал байлау керек.

Үйге келген соң, әкелінген барлық заттарды, барлығын да мұқият қарау керек. Қалған кенені пинцеттің көмегімен немесе арнайы «тик-твистер» құралымен ешпен қысып ұстап алған жөн. Алынған кенені ыдысқа салып сараптама орталығына апарып тексертіп алған дұрыс немесе жаппай жатқан отқа өртеген дұрыс. Кенені қолмен, аяқпен мығуға немесе қай жағдайда да (жабысып тұрғанда, жорғалап жүргенде) қайшымен қиып жіберуге болмайды. Кене шаққан жерді йод тұнбасымен не болмаса құрамында спирт бар ерітінділермен өңдеп, зарарсыздандырып дұрыс. Кенені алғаннан кейін қолды сабындап жуу қажет. Кене шаққан уақыттан бастап кешіктірмей жергілікті емдеу алдын алу мекемелеріне қаралып, медициналық көмекке жүгіну қажет.

Осы қарапайым ережелерді жадыңызда сақтап, кенеден туындайтын кеселдерден өзіндік де, жақындарыңызда сақ болыңыз!

**Қырымзы СЕРІКБАЕВА,**  
№4 қалалық емхананың  
19 ЖТД мейірбикесі

### ТАЗАЛЫҚ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Жедел ішек инфекциясы – бұл ішектің жұқпалы ауруы, ол көбінесе бактериялар, вирустар паразиттер арқылы таралады. Бұлаулар негізінен асқорыту үшін емшек сүті, айран, сорпа, күрші суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындалған су, ауыз арқылы ішетін тұзды-минералды су ертілдісі қолданылады.

Жоғалған сұйықтықтың орнын толтыру үшін емшек сүті, айран, сорпа, күрші суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындалған су, ауыз арқылы ішетін тұзды-минералды су ертілдісі қолданылады.

Алдын алу шаралары:  
Ішек инфекциялары – кір қолдың ауруы. Оның алдын алу үшін:  
– жеміс-жидектер мен көкөністерді ағынды су астында жасылып жуғаннан кейін пайдаланыңыз;  
– өнімдердің жасылып қуырылып, қайнатылуына көңіл бөліңіз;  
– жұмыртқаны шикі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз;  
– дайын тамақты пайдалану кезінде оның иісіне, дәміне мұқият мән беріп, тез бұзылатын тағам өнімдерін тоназытқыштан сақтаңыз;  
– арнайы көрсетілген жерлерде шо-мылдыңыз;  
– суды тұтынар алдында міндетті түрде қайнатыңыз немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;  
– балаларды әрбір тамақтандыру және тамағын дайындау алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек, оның әрбір затын, ойыншықтарын, бөтелкесі мен емдіктерін таза жағайда ұстаңыз;  
– ішек инфекцияларының алдын алу үшін жеке бас тазалығын қатан сақтаңыз;  
– кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тууды мүмкін.

Сол себепті өткір ішек жұқпаларының жоғарыда көрсетілген белгілерінің бірі сізде немесе отбасы мүшелеріңіз байқалса, тез арада дәрігерлік көмекке жүгініңіз дұрыс.

**Арай КӨДІРБЕКОВА,**  
№4 қалалық емхананың жедел жәрдем бөлімінің фельдшері

### СОҚЫР ІШЕК ДЕГЕН НЕ?

Адам ағзасындағы әрбір мүше маңызды. Солардың бірі – соқыр ішек. Көпшілік бұл мүше туралы тек ол қабінғанда ғана біледі және іш ауыруымен шатастырады. Ал, шын мәнінде, соқыр ішек ағзада өзіне тән қызмет атқарады.

Соқыр ішек – тоқ ішектің бас жағынан өсіп шыққан кішкентай түтікше. Оның ұзындығы шамамен 5-10 см болады. Бұрын бұл мүше қажетсіз деп есептеледі де, қазіргі медицина оны иммундық жүйеге қатысы бар деп санайды. Ішектегі пайдалы бактерияларды сақтауға көмектеседі.

Соқыр ішек (апендицит) – іш ауыруының бір түрі. Аяқастынан ұстайтын ауру болғандықтан, көбіміз одан қатты қорқамыз. Сондықтан соқыр ішек асқанын кетпей тұрып, алдын ала белгілерін дәл таныуды маңызды зор. Бұл кенеттен басталып, шұғыл медициналық көмекті қажет етеді. Көбінесе 10-30 жас аралығындағы адамдарда кездесіп отырады. Егер іштің оң жақ төменгі бөлігінде қатты ауырсыну болса, жүрек айну, құсу, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, қарындағы кернеу белгілері болып жатса, міндетті түрде дәрігерге хабарласу керек. Осы аталған белгілер байқалса, өз беттеріңізше ем қабылдамай дәрігерге бірден қаралуыңыз керек. Уақыт өткізіп алмай, жедел жәрдем шақырыңыз. Егер уақыт өткізіп алса бұл өте қауіпті. Сондықтан науқасқа алғашқы көмек көрсете білуіміз керек. Алдымен ауырып жатқан науқасқа тыныштық керек. Тамақ бермеңіз, су ішкізбеңіз, ішіне ыстық грелка бастаңыз. Жедел жәрдем шақырыңыз. Менің айтарым, соқыр ішек кішкентай болса да, оған сағырт қарауға болмайды. Ауру белгілері байқалған жағдайда фельдшер немесе дәрігерге жүгініңіз дұрыс. Ерте анықталған аппендицит етті ота арқылы емделі.

Соқыр ішектің әсіресе ішек инфекциясы кезінде көмегі зор. Бірақ ішек инфекциясы ыстық аймақтарда, тропикалық елдерде көп тараған-дықтан, біздің аймақ аса қауіпті емес. Дегенмен денсаулықты күту қажет.

**Жандос МУСАБЕКОВ,**  
облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының шақырыс тобының фельдшері

«ПАЙДА ОЙЛАМА,  
АР ОЙЛА...»АБАЙ  
ҚУНАНБАЕВ – 180ОН АЛТЫНШЫ  
ҚАРА СӨЗ

Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болса екен деп кам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны. Саудагер несесін жия келгенде, «тапқаным осы, бітім деп, алсаң – ал, айтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтуғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланyp, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болад тағы, тілімің келмегенін қайтушы ед» дейді.

Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?

Шолпан БИМБЕТОВА, жырау,  
«Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет саласының үздігі:ҰЛТТЫҒ РҰХТЫ ӨНЕРІН  
ДӘРІПТЕП КЕЛЕМІН

– Атақты Нұртуған ақын жыр мектебінің шәкіртісіз. Өмірлік мұратыңызды өнермен ұштастыруыңыздың сыры неде? Жыраулық өнер сізге кімнен дарыған? Жалпы отбасыңыз, өскен ортаңыз жайлы айта кетсеңіз...

– Үйде он үшінші баламын. Әжемнің тәрбиесінде өскен кызбын. Жыраулық өнер кез келген адамға бұйырмайды. Бұл әкенің қанымен, ананың сүтімен берілетін тектілік, мәрттік, жомарттық қасиетпен қоса келетін рухы мықты бекзада өнер дер едім. Ата-анам қолына домбыра ұстап жыр жырлаған емес. Нағашы жұртыма үлкен жыраулар бар. Сол жақтан дарыған болу керек. Оның үстіне әжем түйенің үстіне мініп, жаз жайлаудан, қыс қыстаудан қайтқанда қазақтың қара өлендерін шырқайтын болған. Марқұм анам жоқтау немесе теріс өлеңді орындаушы еді. Ағайын арасында өмірден өткен кісіні теріс өлеңмен шығарып салып жүретін. Дауысы зор еді. Дауыс тембрімдіздің қалыптасуы анаман да, әжемнен де даруы мүмкін деп ойлаймын. Өзім 13 жасымнан домбыраға әуес болдым. Үйдегі бір болменің есігін жауып алып, домбыраны сабаалап отырушы едім. Арал ауданы Сексеуіл кентінде туып-өстім. Біздің ауыл теміржол бекеті еді. Дөпеда «қызыл бұрыш» болды. Онда теміржолшылардың жұмысшылардың іс-шара өткізетін шағын бөлмесі бар. Сол жерде Болатбек Кенжалиев деген ағай жұмыс істеді. Өте сауатты музыкант еді. Сол кісі домбырадан үйірме ашты. Үйірме ақылы, бағасы 10 сом болды. Әкем бойымдағы таланттымыз байқаған болу керек ақын төлеп, үйірме берді. Үйірмеге 12 қыз қатысты. Солардың ішінде өнер саласына бет бұрғаны мен ғана. Сол кездегі сахна саңлағы Қаламқас Орашева, Набат Айдәулетоваларға еліктеп, солардай болсам деп армандадым. Сол арман жетегінде ұлттың рухы өнерін дәріптеп келемін.

Сыр сүлейі Нұртуған жырау қолына домбыра ұстап, жыр жырламаған кісі. Бірақ артында қаншама өсиетті жырлары қалған. Ертеден жеткен есті дүниелерді жалғам түйіп, оның ішінде Сыр бойы ақын, шайырларының шығармаларына айрықша ден қоятынмын. Осынау құштарлығым жыр әлеміне жетелгені сөзсіз.

Осылайша Нұртуған жырау мектебін бітірдім. Мұнан соң Жезқазғандағы мәдени-ағарту училищесінде 3 жыл оқып, 1 жыл жұмыс істеп, Арқа әндеріне қанығып келдім. Қызылордаға келген соң Қорқыт ата университетіне оқуға түскенде Ғарифолла Құрманғалиевтің шәкірті, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі өңші Әскербек Еңкебаев деген ұстазым ән класынан батыс өңірінің, Мұхит әндерінің құрылымымен таныстым.



## ТЕАТРДАҒЫ ТІГІНШІ

Ырысты Есқалиқызы мен Гүлжапар Таярқызы он жылдан бері осы салада тер төгіп келеді. Олар бұған дейін жеке ательеде де еңбек еткен. Бірақ театрдағы жұмыс жай ғана тігіншілік емес екен. Әрбір киім, тіпті әрбір детальдан өз дәуірінің лебі сезілу керек.

– Суретші киімнің эскизін әкелді. Соған қарап, киім тіге бастаймыз. Ондағы әрбір түйменің өзі суретші мен режиссердің ойындағысын дөп басып табуы керек. Жұмыстың ең маңызды механизмі де сонда жатыр. Ал ең бір көрмегі – біз осы жұмыстан ләззат аламыз, – дейді тігінші апайлар күліп.

Театрдың астыңғы бөлігіндегі аядай ғана бөлме өзінің жұмысын сүйіп, беріле атқарып отырған қос тігіншінің жайдары жүзіндей жарық екен. Бір жіптің бойымен сурет салып отырғандай кейіпте. Олардың қолынан шыққан әрбір киім өнер туындысындай. Қыздың жиган жүзіндей болған бөлмеде кейде таңды көзбен атырып, түні бойы шұғыл жұмыстарды орындайтын кездері де көп.

– Біз уақытпен санаспаймыз. Шығармашылық жұмыс қой. Кеше ғана қойылған «Өз аға» қойылымында ерлердің костюм-шалбарын тіктік. Қадімгі костюм-шалбар ғой деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ біз тіккен әрбір киім сол дәуірді қаз-қалпында көз алдыңызға әкелуі керек. Негізгі мақсатымыз да сол, – дейді он саусағынан өнер тамған істерлер.

Биыл Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының құрылғанына – 70 жыл. Ырысты Есқалиқызы мен Гүлжапар Таярқызы осы жұмысқа кіріскендегі ең бірінші жұмысы да Нартай Бекежановтың шапаны еді... Бүгінде сол шапан әлі күнге қолданыста. Ал естен кетпейтіні – «Ант» қойылымына дайындық. Ондағы киімдердің көптігі бір сәт айналға көз тартарға мұрша бермеді. Оның үстіне, сол қойылымда Тұңғышбай Жаманқұлов ойнады. Алашқа белгілі азаматқа киім тігу де үлкен жауапкершілік болғанын айтады істерлер.

– «Найзағай» спектаклі Бакуде қойылды. Оның уақыты өте тығыз болатын. Атымызды ұмытып қала жаздадық. Әрбір көзге ілінбес кішкентай деталіне дейін маңызды еді. «Ақбаян» спектаклі Лондонда қойылды. Міне, біз тіккен киімдер әртістеріміз қайда барса, сонда болады. Әлемдік деңгейде қойылған қойылымға баға берген сыншылардың «кімдерін дәл, әсерлі дайындапты» дегенін естігенде біз құдды бір «Нобель» сыйлығын алғандай қуандық. Еңбегің еленіп, көз майыңды тауысқан жұмысың бағаланып жатса, қалай қуанбайсың?! – дейді Ырысты Мақұлбаева.

Басы 1-бетте

Сахна төріндегі қойылым тұтас театр ұжымының біртұтас еңбегі. Соның нәтижесінде дайын өнім көрермендерге ұсынылады. Ырысты Есқалиқызы мен Гүлжапар Таярқызы киімдер дайын болғанда көрермен ретінде алдын ала қарап алады. Сондайда қайтадан өзгеріске ұшырайтын да жағдайлар болады. Мұның барлығы тәжірибемен келетін сөзсіз.

– Кейде біз суретшінің әкелген эскизін өзгертетін де кездер болады. Бұл ұжымдық еңбек болғандықтан, жан-жақты толығырақ. Бірде суретші бізге тауықтың эскизін әкелді. Оны біз әдепте суреттегідей келтіргенбіз, әдемі шықпады. Ойлана келе қарама-қарсы қойлектен тауықтың киімін жасадық. Қазақы тауық болды да шыға келді. Тауық жылында дайындаған еңбегіміз еді, – дейді өнерлі жандар.

Ал енді киім тігудегі ең қиыны – киім образды толығымен ашатын элемент екенін ұмытпау. Сан түрлі мінез, сан түрлі болмыс, соның барлығын бір киім арқылы байқатып, көрсете білу – үлкен өнер. Ол – шығармашылықтың шыңы. Киім арқылы эмоцияны да танытып отырады.

– Театр ұжымын моңшақ деп алсақ, біз бәріміз сол моңшақты құраймыз. Еңбек осылай жинала келе бір қойылымға айналады. Жұмысымыз жақсы көремін, сол арқылы ләззат аламын. Әрине, көздің майын тауыса еңбек ету үшін сабыр мен төзім керек, – дейді Ырысты Есқалиқызы.

Ол орындағына жайғасты да, тігін машинасын тырсылдатып, іске кірісіп кетті. Ара-тұра «Сұрағыңды қоя бер, мен жұмысымды істей беремін», – деп көзділдіргінің астымен қарап қояды. Шіркін, жұмысына берілген әрбір жанның әрекеті осылай болса, қандай керемет!

Қойылымға неше адам қатысқаны маңызды емес. Тіпті, бір адам сахнаға шығып монолог оқыса да, ісмер жандардың еңбегі сол жерде көрініс тауып тұр...

Дәулет ҚЫРДАН,  
Суретке түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №589

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан  
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

– Шығармашылық жоспарларыңызбен бөліссеңіз...

– Алла қаласа, кең жанрда концерт өткізіміз келеді. Тек тиісті қолдау болса, елдің алдына шығуға дайынмын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан  
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА